



Burger King

*Дайындаган: Нұрмаханова Ж
Раева А*

Топ: Т-Р-15



Тарихы

Burger King-нің ең бірінші мейрамханасы ең басында Insta Burger King деп аталып, 1954 жылдың 4 желтоқсанында Майами қаласының қалашығында Джеймсом Макламор мен Дэвид Эджертомен ашылған болатын. Макламор McDonald's мейрамхана желісіне барып, ол кезде мейрамхана Калифорния штатындағы Сан-Бернардинодағы ағайынды Дик және Мак Макдоналдтардың иелігінде болған еді. Онда ол гамбургерлерді дайындаудың өндірісімен, құрал-жабдықтарымен танысып, фастфуд жүйесінің өзіндік түрін шығарып алғысы келді. 1959 ж. Burger King мейрамханаларының жүйесі Майами мен оның қалашықтарында беске дейін өсті. 1960 ж. Макламор мен Эджертон Burger King жылдам тамақтандыру мейрамханаларын франчайзинг жүйесімен ұлттық деңгейде ұлғайтуды көздейді. Дәл осы уақытта олар Burger King Corporation атауын тіркеп және АҚШ-та жеке кәсіпкерлерге франшизаны сата бастайды. 2006 ж. компания қауымдық болады.





Басшылық және жеке иелері

2010 ж. ортасына қарай, компанияның ірі иелері: TGP Capital (структура Texas Pacific Group, 11,1 %), Goldman Sachs (10,3 %). 2010 ж. қыркүйек айында компанияның бөлігін 4 млрд. \$-ға 3G Capital (бразильдік инвесторлармен бақыланады) сату жайлы келісімді жариялайды. Директорлар кеңесінің төрағасы мен бас басқарушысы – Джон Чидсей (John W. Chidsey).





Қызметі



Дүниежүзінің 75 елінде Burger King-тің 12 мыңнан астам мейрамханасы жұмыс істейді. Олар күнделікті түрде 12 млн. адамға қызмет көрсетуде. Оның 1300-і компанияға, ал қалғандары франчайзинг бойынша жұмыс істейді. Израильде барлық мейрамханалар кошерлік болып келеді. Австралияда 1996 ж. барлық мейрамханалар соттық істерден кейін жабылып, не болмаса «Hungry Jack's» атауына өзгертеді.



Кызметінің көрсеткіштері

2009 ж. персоналдың саны 38,9 мың адамды қамтыды. 2010 ж. маусымында аяқталған желінің қаржылық жылдан алған табысы 2,5 млрд.\$, таза табысы - 186,8 млн. \$ құрайды.

Мейрамхана әрқашан, жас, мақсатты адамдарға толы болады. Burger King-тің өзінің концепциясы да күлкі мен бақытқа сәйке келеді. Алаңғасар Кинг – мекеме символы. Оның көңіл-күйі әрқашанда көтеріңкі және де ол келген қонақтарды ең дәмді деген бургерлер мен позитивті эмоциялармен қарсы алады. Кингтің тағдырлық бұйрықтары оның патшалығын тек отаны АҚШ-та ғана емес, Батыс пен Шығыс Еуропаның барлық қалаларында танымал етті. Ондай бұйрығының біреуі - Burger King-тің тамақтары отта майды қолданусыз пісірілуі керек" деген. Тамақтарды дайындаудың бұл әдісі - вопперлер мен чизбургерлерді, тендеркриспи және нагетсбургерлерді пайдалы және тойымды етеді.





Қазіргі заманғы Burger King

Burger King қазіргі таңда өзінің атын дамыту мақсатында жарнама, сан қилы роликтер түсіруде. Соның бір дәлелі ретінде Burger King-тің "Темный Рыцарь" фильмін дамыту мақсатындағы жұмысын атауға болады. 2010 ж. Burger King-тің ас мәзірінің арасында "Dark Whopper" деп аталатын жаңа тағам түрі пайда болады. Сол кезбен бірдей уақытта компания жарнама түсіріп, оны бүкіл каналдарға таратады. Ол жарнаманың негізгі лозунгы ретінде "Өзіңнің қараңғы бөлігінді тамақтандыр!" деген сөздер қолданылған.



Қазақстандағы Burger King – жастарды жұмыспен қамтамасыз ететін жауапкершілігі жоғары КОМПАНИЯ





Бургер Кинг Қазақстан инвестициялық франчайзинг жобасы 2012 жылдың мамырында MEGA Alma-Ata ойын-сауық орталығында Бургер Кингтің тұңғыш мейрамханасының ашылуымен басталды. Өткен жыл ішінде Алматы қаласында 6 және Астана қаласында 2 мейрамхана ашылды. BURGER KING Қазақстанда 200 қызметкерден құралған топтың үйлесімді жұмысының арқасында табысты жұмыс істеп келеді. Қазіргі уақытта өндірісте жасы 18-ден 25-ке дейінгі аралықтағы 175 жас қыз-жігіттер еңбектеніп жатыр, олар бұл жұмыста алғашқы кәсіби тәжірибесін жинақтауда. Біліктілік сертификаты бар тренерлер мен мейрамхана директорлары олардың әрқайсысын ұйымға келгеннен кейін халықаралық стандарттарға сәйкес жұмыс істеуге үйретеді. Олардың арасынан табысты мансапты құруды көздегендер уақытылы анықталып, олар осындай мүмкіндіктерді алады. Ауысып жұмыс жасаудың ыңғайлы кестесін, толық және толық емес жұмыс тәртібін пайдалана отырып, компания Алматы және Астана қалаларындағы жоғарғы оқу орындарының студенттерін жұмысқа тартады, олар үшін бұл алғашқы еңбек тәжірибесі болып табылады. Корпоративтік мәдениетті дамыту және бөлімшелердегі топтардың бір жұдырық болып жұмыс жасауына қолдау көрсету, сондай-ақ тұрақты еңбекақымен қамтасыз ету және кадрлардың тұрақсыздығын төмендету бойынша жұмыс жүргізу арқылы біз Қазақстан Республикасында осы саладағы ең үздік жұмыс беруші атануға ұмтыламыз.